


Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі
М.Х.Дулатаи атындағы Тараз мемлекеттік университет

ҚАЗАҚСТАН




Орындаған: Журымбай
Арай

Қабылдаған: Иматаева



(грек. *phônētikys* – дыбыстық, дауыстық)
– тіл білімінің тілдің дыбыстық жағын зерттейтін саласы. Ол бұл ғылымды дыбыстау мүшелері, дыбыстардың құрамы мен түрлері, дыбыстардың үндесуі және екпін, буын мәселелері деген салаларға бөліп зерттейді.




Дыбыс жүйесі

Қазақ тіліндегі дыбыс деген сөздің мағынасы әр түрлі. Дыбыс деген ұғым тек тіл дыбыстарына ғана айтылмайды, бізді қоршаған табиғаттан, әлеуметтік ортадан есту мүшемізге сезілетін, әсер ететін әр алуан үн-дыбыстардың, сыбыс-сылдырлардың бәріне де қолданылады. Бірақ тілдің фонетика саласы дыбыс атаулыны ондай кең мағынада емес, тіл дыбысы яғни сөйлеу тілінің дыбыстары деген мағынада ғана қолданылады.

Жалпы дыбыс болу үшін мынадай үш түрлі шарт керек:

- дыбыс шығаратын дене – сөйлеу мүшелері,
- дыбыс шығаратын денені қозғалысқа келтіретін күш, қуат - өкпеден шығатын ауа,
- ауа толқырлық кеңістік – тыныс мүшелері, тамақ қуыс мүшелері.



Дыбысты қарастырудың 3 объектісі

Біздің дыбыстық тіліміз - өте күрделі құбылыс, сондықтанда оны үш түрлі аспектіде қарастыру керек.



Анатомиялық-физиологиялық аспект.

Дыбысты жасауға қатысатын мүшелер: өкпе, кеңірдек, дауыс шымылдығы, көмей, ауыз қуысы, тамақ қуысы, мұрын қуысы, тіл, кішкене тіл, тіс, таңдай, жақ, ерін, т. б.



Акустикалық (физикалық) аспект.

Тіл дыбыстары да табиғаттағы басқа дыбыстар сияқты акустикалық құбылысқа жатады. Дыбыс атаулы бір-біріне ырғағы, күші, әуені, созылыңқылығы жағынан ерекшеленеді.



Лингвистикалық аспект. Тіл дыбыстары адамзаттың қарым-қатынас жасау құралы болып табылатын тілдің ең кіші бөлшегі ретінде қоғамдық мәнге ие. Осы қасиеті негізгі аспект болып табылады.



Дыбыс –сөйлеу тілінде дыбыстау мүшелері арқылы айтылып, естілетін тілдік құбылыс. Қазақ тілінде дыбыс саны -37.



Әріп –дыбысты таңбалау үшін алынған белгі. 42 әріп бар:

а, ә, б, в, г, ғ, д, е, ё, ж, з, и, й, к, қ, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у, ұ, ү, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ, ь, ы, і, ъ, э,

Фонемалар (грек, дыбыс) — сөздер мен морфемаларды бір-бірінен мағына және форма жағынан ажыратуға көмектесетін тілдің дыбыстық жүйесіндегі негізгі типтік бірлік, яғни дыбыс типі.

ТРАНСКРИПЦИЯ (лат. *transcriptio* – қайта көшіріп жазу) – белгілі бір тілдегі дыбыстарды дәл бейнелеп көрсету үшін пайдаланылатын шартты белгі. Транскрипцияның негізгі қызметі сөздің дыбыстық немесе фонемалық құрамын дәлме-дәл көрсету, онда сөздің дыбыстық жағына ғана назар аударылады. Транскрипция екіге бөлінеді:



Фонемат.

Транскрипция сөздердің дыбысталуындағы өзгерістерді ескермей, тек фонемаларды жазады, дыбыстар сөздің айтылуына жуықтап беріледі. Мысалы, ору [орұу], қи [қый], шикі [шійкі].



Фонет.

Транскрипцияда сөздердің айтылуындағы дыбысталу ерекшеліктері дәлме-дәл көрсетіледі: қазан қап [Қазаңғап], ортан бел [ортамбел], сейсенбі [сейсембі].





- **Дыбыстық үнем** – сөздің құрамындағы жеке дыбысты, дыбыстар тіркесін айтпау, үнемдеу болып табылады. Дыбыстық өзгерістердің бәрі тілімізді икемді етеді, айтылуы қиын дыбыстар мен дыбыстар тіркесімін оңайлатады. Сөйтіп, тіліміздің икемділігі мен қолданылуын жеңілдетеді .
- **Дыбыстық құбылыстар** –сөз құрамында болатын әр алуан дыбыстық өзгерістер айтамыз.
- **Буын** –сөздегі фонациялық (дыбыс жасайтын) ауаның қарқынымен үзіліп, бөлшектеніп шығатын бір дауысты немесе бірнеше дыбыс тобы буын деп аталады. Сөздің құрамында неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болады.

Ашық буын – жеке дауыстыдан тұратын немесе дауыссыздан басталып, дауыстыға аяқталатын буын.

Тұйық буын –дауысты дыбыстан басталып, дауыссыз дыбысқа аяқталады.

Бітеу буын -дауыссыз дыбыстан басталып, дауыссыз дыбысқа аяқталады.




- **Тасымал** -жазып келе жатқанда, сөз жолға сыймай қалса, тұтас бір я бірнеше буынды екінші жолға көшіруді айтамыз.



ЕКПІ

Сөйлем ішіндегі кейбір сөздердің немесе сөз ішіндегі кейбір буын, дыбыстардың басқа тілдік бөліктерден ерекшеленіп, көтеріңкі айтылуы.



Бейүндестік

және

Үйлестік


Аккомодация (лат. *acomodatio* бейімделу) — бір сөз ішінде немесе әртектес буыннан құралған сөздерде іргелес орналасқан дауысты және дауыссыз дыбыстардың, яғни үні мен салдыры әр түрлі фонемалардың, бір-біріне әсер етіп, өзіне ұқсатып

Ассимиляция (лат. *assimilatio* ықпал) екі дыбыстың айтылуы мен акустикасына қарай бір біріне ықпал ете үндесуі. Дауыстылармен дауыстылар, дауыссыздармен дауыссыздар үндеседі.

Орфография және Орфоэпия

Орфоэпия (гр. 'orthos' – дұрыс, *epos* – сөз, сөйлеу) – сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылу ережелерінің жиынтығы.

Орфография (гр. orfhos – дұрыс, grapho – жазамын) – сөздерді дұрыс жазу ережелерінің жиынтығы және оны қарастыратын тіл білімінің бір саласы



Графика мен орфографияның арақатынасы

фонетикалық

ор.



**Назарларыңыз
ға
РАХМЕТ!!!**